

Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт Министрлігінің
(2023 жылғы 24 ақпандағы №60 бұйрығы) 2023-2025 жылдарға арналған мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі, Ғылым және Жоғары Білім Министрлігінің жоспарындағы 52 тармаққа енгізілген «Жошы Ұлысының құрылғанына 800 жылдығын» атап өту бағытымен бекітілген құжаттамалық негіздер арқылы республикалық жоспарға енген іс-шараларды өткізудің бірінде - М.Әуезов атындағы ОҚУ «Тарих және этнология» ғылыми орталығы 2024 ж., 17 мамыр күні өткен «Жошы Ұлысы кезеңіндегі Ұлы Дала» атты халықаралық дөңгелек үстелге қатысушының мақаласы ретінде жарияланды

FTAXP: 574.93

<https://orcid.org/0000-0002-1349-1502>

Ташқараева Ә.М.*

PhD доктор, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. Тараз, Қазақстан

ЖОШЫ ҰЛЫСЫНДАҒЫ ТАЙПАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ ӘБІЛҒАЗЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

***Автор - корреспондент:** assel_muxtarovna@mail.ru

Түйін: Түбі бір түркі тайпаларының өзіне тән этникалық ерекшеліктері мен өзара жақындық байланыстарын анықтауда ортағасырлық мұсылман авторларының жазбаларының деректері құнды. Бұл әсіресе, Жошы ұлысы мен оның орнына орнаған хандықтардың этно-саяси тарихын зерделеуде анық көрінеді. Мақалада Жошы ұлысының тарихын зерттеуде Әбілғазының «Шежіре-и Таракиме» және «Шежіре-и Түрік» шығармаларындағы деректерді талдаудың маңызын көрсеттік. Қазақстан аумағында ғасырлар бойы сандаған халықтар мен ру-тайпалардың тағдыры тоғысып, этноәлеуметтік қатынастардың күрделі процесі жүрді. Қазақстан жерінде ру-тайпалар мен халықтардың шығу тегі мен дамуына жағдай жасаған этногенетикалық процесстердің негізі ежелгі кезеңнен басталады. Алғашқыда бұл процесстер автохтонды тұрғындармен байланысты болды, уақыт өте келе Қазақстан территориясындағы этноәлеуметтік қатынастар, ірі этносаяси қауымдастықтардың құрылуы Орталық Азия жүрген этникалық процесстерге тікелей тәуелді болды.

Кілт сөздер: Жошы ұлысы, Алтын Орда, Әбілғазы, «Шежіре-и Таракиме» шығармасы, «Шежіре-и Түрік» шығармасы, тайпалар, ру-тайпалар, түркі халықтары.

МРНТИ: 574.93

<https://orcid.org/0000-0002-1349-1502>

Ташқараева А.М.*

доктор PhD, Таразский региональный университет им.М.Х.Дулати. Тараз, Казахстан

ЗНАЧЕНИЕ ДАННЫХ ИСТОЧНИКА АБИЛҒАЗЫ В ИЗУЧЕНИИ ПЛЕМЕН ДЖУЧИ УЛУСА

***Автор-корреспондент:** assel_muxtarovna@mail.ru

Аннотация: данные сочинений средневековых мусульманских авторов ценны в определении присущих тюркским племенам этнических особенностей и взаимосвязей взаимной близости. Это особенно очевидно в изучении этно-политической истории Улуса Джучи и замещающих его ханств. В статье мы показали значение анализа данных в произведениях Абылғазы «Шежире-и Таракиме» и «шежире-и турок» при изучении истории Улуса Джучи. На протяжении веков на территории Казахстана переплетались судьбы сандаганских народов и племен, происходил сложный процесс этносоциальных отношений. Основы этногенетических процессов, создавших условия для происхождения и развития племен и народов на земле Казахстана, восходят к древним временам. Первоначально эти процессы были связаны с автохтонным населением, со временем этносоциальные отношения на территории Казахстана, формирование крупных этнополитических сообществ напрямую зависели от этнических процессов, происходящих в Центральной Азии.

Ключевые слова: Улус Джучи, Золотая Орда, Абылғазы, произведение «Шежире-и Таракиме», произведение «Шежире-и Турк», племена, племена, тюркские народы.

IRSTI: 574.93

<https://orcid.org/0000-0002-1349-1502>

Tashkaraeva A.M.*

PhD, M.H.Dulati Taraz Regional University. Taraz, Kazakhstan

THE VALUE OF THE ABYLGAZA DATA IN THE STUDY OF THE TRIBES OF THE JOCHI ULUS

*Correspondent author: assel_muxtarovna@mail.ru

Abstract: the data of the writings of medieval Muslim authors are valuable in determining the ethnic characteristics inherent in the Turkic tribes and the interrelationships of mutual proximity. This is especially evident in the study of the ethno-political history of the Ulus of Jochi and the khanates replacing it. In the article, we showed the importance of data analysis in Abylgaza's works «Shezhire-i Tarakime» and «Shezhire-i Turk» in studying the history of the Jochi Ulus. For centuries, the destinies of the Sandagan peoples and tribes have been intertwined on the territory of Kazakhstan, and a complex process of ethnosocial relations has been taking place. The foundations of the ethnogenetic processes that created the conditions for the origin and development of tribes and peoples on the land of Kazakhstan date back to ancient times. Initially, these processes were associated with the autochthonous population, over time, ethnosocial relations on the territory of Kazakhstan, the formation of large ethnopolitical communities directly depended on the ethnic processes taking place in Central Asia.

Keywords: Jochi Ulus, Golden Horde, Abilgazy, the work «Shezhire-i Tarakime», the work «Shezhire-i Turk», tribes, tribes, Turkic peoples.

Kіріспе

Қазақстан аумағында ғасырлар бойы сандаған халықтар мен ру-тайпалардың тағдыры тоғысып, этноәлеуметтік қатынастардың күрделі процесі жүрді. Қазақстан жерінде ру-тайпалар мен халықтардың шығу тегі мен дамуына жағдай жасаған этногенетикалық процесстердің негізі ежелгі кезеңнен басталады. Алғашқыда бұл процесстер автохтонды тұрғындармен байланысты болды, уақыт өте келе Қазақстан территориясындағы этноәлеуметтік қатынастар, ірі этносаяси қауымдастықтардың құрылуы Орталық Азия жүрген этникалық үрдістерге тікелей тәуелді болды.

Қазақтың мемлекеттілік тарихы Қазақстан аумағында өз мемлекетін құруға алғаш талпыныс жасаған мемлекеттердің тарихымен басталады. Қазақстан аумағында темір дәуірінің тайпалары одақтарға бірігіп, ең бірінші қоғамдық бірлестіктің даму деңгейін көрсетті. Қазақтың мемлекеттілік тарихы әр кезеңде қазіргі Қазақстан аумағында мекендеген мемлекеттер, тұтастай алғанда мемлекеттің қалыптасу кезеңдері екені белгілі. Сондай-ақ, мемлекет ұғымы кеңістікпен, территориямен де тікелей байланысты. Ежелгі заманнан бері адамзат мемлекет пен кеңістіктің бір-бірінен ажырамас ұғым екенін ескеріп, белгілі бір территорияда қоныстануды әдетке айналдырған. Қазақстан аумағында мемлекеттіліктің негізі болған бірқатар саяси ұйымдар болды. Соның ішінде қазақ мемлекеттілігінің тарихында ерекше мәнге ие Алтын Орда екені даусыз. Алтын Орда қазақ тарихының бір кезеңі ғана емес, қазақ мемлекеттілігінің мықтап орнауына тікелей әсер еткен мемлекет. Қазақ хандығын құраушы бірқатар тайпалар Алтын Орданың өміріне белсене араласты. Бұл жөнінде Әбілғазының еңбектерінен мол деректер табуға болады.

Жалпы қазақ жеріндегі мемлекет құруындағы алғы тайпалардың ішінде қаңлылар туралы алғашқы деректер біздің заманымыздан бұрынғы зороастризм дін кітабы «Авеста» жазбаларында және үнді халқының эпосы «Махабхарата» қолжазбаларының деректерінде кездеседі. Алғашқы орта ғасырлардағы «Күлтегін», «білге қаған» ескерткіштерінде «Қаңғу-Тарбан» түрінде кездеседі. Бұл жерде Тарбан деп Отырар қаласын атаған [2,88]. Қазақтың тарихи аңыз, шежірелерінде қаңлыны ұлы жүзден таратады. Жалпы, Қаңлы этнонимінің шығуы туралы зерттеушілердің пікірі сан алуан. Ғалым Әбдуали Қайдар қаңлы этнонимінің

шығу төркінін, мағынасын және түсіндірмелердің нұсқаларын толықтай қарастырып, тайпа атауының 47-ден астам туынды нұсқасы бар екенін алға тартады. Автор бұл нұсқалардың бас-басына тоқталып, оның 40-тан астамы түбірлес, яғни «өзен-су» мағынасындағы «қан» гидронимдік апеллятив негізінде пайда болғанын атап өтеді.

Әбілғазыға дейін жазылған Рашид-ад-диннің нұсқасында да қаңлы тайпасының түбі «арба үстіндегі бір топ адамнан» шыққан сыңайлы. Оның мәліметінше, қаңлы атауы Оғыздың Дербентке жорыққа шыққанда соғыстан түскен олжасын еліне жеткізу үшін тағайындалған адамдарға берілген лақап аты. Оғыз басында Бармақлық Жосун Білік деген кісімен жүздеген шабандозды арбаға (қаңқлы) отырғызып, өзінің жеке белгісі ретінде екі алтын ұшты жебе мен садақ береді. Бұл белгі берілген адамдарға кез келген жерде қызмет пен құрмет көрсетілуі тиіс болған [4,20].

Оғыз хан туралы деректердің ең көнесі саналатын «Оғыз-наме» дастанында да Жүржіт елімен соғыстан түскен есепсіз көп олжа, жиһаз-мүліктерді артатын арба ойлап тапқан шеберді «Қаңғалық» деп атағаны жазылған: «Ұрыстан соң оғыз қағанның шеруіне, нөкерлеріне, халқына соншама көп жансыз олжа-мүлік түсті, жүкті тиеуге, тасуға ат, қашыр, өгіз аздық етті. Сонда Оғыз қағанның шеруінде үздік жақсы бір шебер кісі бар еді. Оның аты Бармақлық Жосын Білік еді. Бұ шебер бір қаңға (арба) шапты. Қаңға үстіне жансыз олжаны тиеді, қаңғаның алдына тірі олжаны тиеді, қаңғаның алдына тірі олжаны жегіп, тартып кете барды. Нөкерлердің, халықтың бәрі мұны көріп, таздетіп, тағы қаңға шапты (жасады). Мұндай қаңға жүргенде «қаңға, қаңға» деп дыбыстап бара жатушы еді. Соның үшін оларға «қаңға» деп ат қойды. Оғыз қаған қаңғаларды көрді де күліп айтты: қаңға, қаңғамен өлі олжаны тірілер алып жүрсін. Саған Қаңғалық аты беріліп, Қаңға аты сақталсын-деп кетті» [5,45]. Сайып келгенде, жоғарыда келтірілген екі нұсқада да аңыздың берілуі Әбілғазының мәліметімен тұспалдасып тұр. Қазақ арасында «Қаңлыдан ұл туса – ағашқа күн туады», «Қаңлыдан ұл туса, ормандағы ағаш сыңсиды» деген мақал сөздер түбірін осы аңыздардан алса керек. Қашқари қаңлы этнонимі туралы: «Қаңлы қыпшақтарда белгілі адамның есімі» деп көрсеткен еді [6,197].

Зерттеу мақсаты

Жошы ұлысының тарихын зерттеуде Әбілғазының «Шежіре-и Таракиме» және «Шежіре-и-Түрік» шығармалары тарихи деректер ретінде талдау, тарихи маңыздылығы, тарихи оқиғалардың шығармаларда көрінісі, қазақ этногенезін зерттеуінде тайпалардың атауларына назар беру, хандық жүйенің қалыптасуы мен мемлекеттің пайда болуына талдама жасау

Зерттеу әдістері

Мақаланың әдіснамалық негізін тарихилық, объективтілік пен жүйелілік принциптері құрайды. Алға қойған мақсатқа жетуде және бірқатар міндеттерге қол жеткізуде жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдістер қолданылды. Жалпы ғылыми әдістердің ішінен талдау, синтездеу әдістері пайдаланылды. Тарихи танымның арнайы әдістерінен - тарихи салыстыру, контент-талдау, тарихи-салыстырмалы әдістері қолданылған.

Теориялық талдау

Әбілғазының «Шежіре-и Түрік» еңбегінде «Тоқай Темір нәсілінен қазаққа хан болғандарының баяны» деген тараушасында Өзтемір, Хожа Бадақұл ұғлан, Орыс хан, Құйыршықхан, Барақхан, Әбусағит (лақабы - Жәнібек хан) аталады. Енді бір жерінде Жошы әулетінен Дешті-Қыпшақта хан болғандарды сөз еткенде, олардың ішінен Берке хан, Өзбек хан, Жәнібек хандарды атайды, сол сияқты Тода Менку, Бердібек сияқты хандардың залымдығын, пасықтығын да жасырмайды. Мәселен, Өзбек хан тұсында бүкіл Жошы елі өзбек деп аталғанын, ал Бердібектің келуімен Бату хан әулетінің аяқталып, хандық Жошының өзге балаларының ұрпақтарына ауысқанын айтады. Берке ханнан бастап хан ордасы Сарайшықта болғанын, одан кейінгі хандардың да сонда жерленгенін жазады. «Шежіре-и Түрік» еңбегінің «Тұғлұқ Темір ханның мұсылман болғанының баяны» тарауында ханның жаңа жыл санауымызша 1376 жылы ғана ислам дініне кіргені сөз болады. Дешті Қыпшаққа ең алғаш

Берке хан мұсылман болып, өз туыстарын мұсылман дініне кіргізгенін айтады. Берке хан өлген соң Менку Темір хан сайланып, Бату хан дәстүрімен аға-інілеріне ұлыстарды бөліп береді. Ақ орда мемлекетін Шибан ұлы Баһадүр ханға береді. Менку Темір хан өлгеннен кейін оның орнына Тода Менку хан сайланады, Тоқтағу онымен соғысып, оны жеңіп, өзі хан болады. Ол көп елді бағындырып, алты-ақ жыл патшалық құрып, қайтыс болады. Одан кейін Өзбек хан басқарады. Оның заманында халықтың дәулеті артып, ұлыс ұлысымен исламға кіреді. Одан соң барша Жошы елі өзбек елі атанады. Одан кейін хан болған Жәнібек ғұлама, ибалы, ақылды кісі болды. Оның орнына хан болған Бердібек іші қара, залым болды, барлық аға-інісін өлтіріп тынды, одан кейін бұл тұқымнан хан болатын ешкім қалмай, хандық Жошының өзге балаларына ауысты. «Нар мойыны Бердібекте кесілді» деген мақал содан қалды дейді Әбілғазы.

Кезкелген халықтың атауы белгілі дәрежеде этникалық мәнге ие. Ол әдетте, жүздеген, не болмаса мыңдаған жылдарды қамтып, тарихқа бай болып келеді. Қазақ халқының этногенездік тұрғыда қалыптасуында Қазақстанның аумағында мекендеген ежелгі тайпалардың алар орны ерекше. Олардың қатарында шежіреде көрініс тапқан қаңлы тайпасы да бар. Қаңлылар - қазақтың халық болып қалыптасуына өзекті ұйытқы болған негізгі тайпалардың бірі.

Қазақ халқы құрамына енген рулардан «Шежіреде» жиі кездесетін ру-тайпа аттары - найман, жалайыр, керейіт, қоңырат, т.б. Мәселен, «Шежіреде» наймандардың көне жұрт екені, малы мен басы көп өскен халық екені, Шыңғыс хан заманындағы патшасы - Тиан хан екені, қоныстарының моңғол жұртында, Қарақорым деген жерде екендігі айтылады. Қоңырат елін Әбілғазы асылы моңғол нәсілінен еді, Жорлық мергеннің ұлы Қоңырат аталатын, барлық қоңырат елі содан шықты дейді. Шыңғыстың анасы - Ауалун (Оолун) қоңырат қызы екенін жазады. Сол сияқты «Шежіреде» қыпшақ, ұйғыр, татар, қырғыз халықтарының тарихына қатысты да деректер баршылық. Олардың моңғол шабуылына дейінгі қоныстары, патшалары туралы мәліметтер бар.

Әбілғазы шығармада Қаңлы тайпасының атауының шығу төркіні туралы аңыз деректерін келтіре отырып, Рашид-ад-дин, М.Қашқари секілді Оғыз қағанмен және «арба» сөзімен байланыстырады.

Әбілғазы де Қаңлы атауын тұлғаландырып, шығу тарихының төркінін Оғыз заманына тірейді. Шежіреде Оғыз ханның татарларға жеңісті жорығында мол олжаны артып әкелетін арба ойлап тапқан шеберге байланысты аңыз келтіріледі. Арбаның «қаңқ, қаңқ» деп шығарған даусына қарап, шеберді «қаңқлы» деп атап, барлық қаңлы елі осы кісіден тараған дейді: «Бұл жорықта оғыз әскері жеңіске жетіп, үлкен олжаға кенелді, алайда оны арту үшін ат көлігі жетпеді. Әскердің ішінде шебер адам бар еді, ол ат арба жасады. Оған қарап барлығы да арба жасап, мол олжаны артып әкетті. Бұл уақытқа дейін арба да, арба атауы да жоқ еді, сондықтан арбаның шығарған даусына қарап «қаңқ» деп атады. Ал оны жасаған адамды «қаңқлы» деп атады. Барлық қаңқлы тайпасы осы адамның ұрпағы» [3,43].

Әбілғазының қаңлы атауының арба атауымен байланыстырудың өзіндік себебі де бар сияқты. Көшпелілік салтын ұстанған қаңлылардың өмірінде арба маңызды рөл атқарғанын аңғартады. Қытай жылнамаларында қаңлыларды биік доңғалақты арбалармен оттың сонысын, судың тұнығын қуып көшіп жүретін тайпалар ретінде сипаттайды [7,30]. Сондай-ақ, белгілі Қытай деректемелеріндегі «Сүй патшалығының тарихы, батыс өңір шежіресі, қаңлы тарауында»: «Қаңлылар - бір жерге ірге теуіп отырмайтын көшпелі ел, олар Хан патшалығы дәуірінен бері осылай болып келген», - деген деректерінен қаңлылардың көшпелілік өмір салтының үстемдігін, осы өмір салтына бейімделген арбаның маңызын аңғаруға болады.

Шығарма дерегі бойынша, бүкіл қаңлы елі жоғарыда Қаңлы лақап аты берілген шебер адамнан тараған. Күн ханның Оғыз елін екі қанатқа бөлінген он екі шатырға бөлгенде, Көк ханның үшінші ұлы Шәуілдір бас етіп отырғызылған шатырда қаңлы аттарды ұстаған делінеді [3,52]. Яғни, қаңлы тайпасы оғыздардың этникалық тобының боз оқ қанатында бола тұра, басқарудың этникалық-әкімшілік бөліністеріне қатысқан. Қаңлы тайпаларының оғыздармен

етене араласып, тығыз байланыста өмір сүргенін біраз ғалымдар алға тартады. Махмұд Қашқари де өзінің сөздігінде қаңлы тайпасына түсіндірмесінде Қаңлы - қыпшақтардың ең ұлы адамының есімі деген түсіндірме қалдырады [8,27].

Әбілғазы шығармада оғыздардың VIII ғасырлардағы күрделі саяси өмірі туралы жазабаларында, олардың батысқа қарай көші мен оның себебі туралы дерек кездестіреміз. Шығармасын Мәуреннахрда отырып жазған автор оғыздардың арғы жағында көп тайпалар өмір сүргенін, хатай, қаңлы, найман тайпалары оғыздарға ең жақын мекендегендері екенін жазады. Бұған дейін өздерінің ежелден қонысы болған Ыстық көл, Алмалық, Сайрам, Ұлытау және Кішіқтау жерлерінен оғыздардың біразы қоныс аударған еді. Қалған оғыздарға жоғарыда аталған тайпалар шабуылдай бастады. Шабуылдардан титықтаған оғыздар ығысып, Сырдарияның сағасындағы жерлерді мекен етті [3,57].

Қаңлы тайпаларының ежелден мекен еткен қонысы Сырдың бойы екені белгілі. «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» деп аталып кеткен тарихи оқиғалардың нәтижесінде Сырдария бойындағы аймақта шамамен б.з.б. II ғасырда көтерілген Қаңлы мемлекеттік бірлестігінің территориясы осы аймақта болған. Зерттеулер бойынша, Жетісу қаңлылардың Жетісу жерінен ығысып келген оғыздармен күрес жүргізілгені белгілі. Қаңлылардың басым көбі күні бүгінге дейін Батыс Жетісу, Қаратау баурайы мен Сырдарияның орта ағысындағы жерлерде өмір сүруде, яғни ежелгі заманда, орта ғасырларда қаншама ұлы қоныс аударулар болғанымен, қаңлылардың басым көпшілігі ертеден мекен еткен аймақтарында тұрақтап қалды. Кейбір деректерде Қаңлы тайпалары Сырдария өзі мен оның алқабынан Жетісудің оңтүстік-батыс бөлігіне дейін, солтүстігінде Шу, Талас өзендерін жіне Ұлытау, Қаратау тауларына дейін жеткен. Бұл қаңлы тайпасының дәуірлеп, мемлекеттік бірлестік ретінде өмір сүрген кезеңіне қатысты территория болса керек. Әбілғазының жазбасындағы оғыздарға жақын орналасқан тайпалардың арасында аты аталатын қаңлылар осы атаған Жетісудің оңтүстік батысын мекендеген тобы болуы әбден мүмкін. Шығармада қаңлылар туралы тағы да қызықты дерек кездестіреміз. XI ғасырлардағы оқиғаларды суртетей келе, Оғыржық есімді жігіттің Еділден өтіп, жайық жағасына келгені туралы жазады. Шежіре дерегі бойынша, бұл заманда Ала-кеңк және Қара-қаш деген жерлерде қаңлы елі өмір сүрген. Олардың ханын Көк-тонлы деп атаған. Оғыржық осы ханның қасында бірнеше жыл тұрақтап одан әрі Маңғышлаққа кеткен [3,72]. Бұл дерек ғалым Ә.Марғұланның зерттеулерінен көрініс тапты. Ғалымның пікірінше, Қорқыттың кейінгі ұрпағы Оғыржық Қорқыттан үш жүз жылдан кейін Сыр суын мекендеген қаңлы ханына бағынып отырды. Қаңлылар ол кезде Жетісу, Іледен бастап, Арал теңізіне дейін, солтүстікте Көнек, Қарақұрымға дейін қоныстанып отыратын. Қаңлылардың ханы ол кезде Көк тонды деп аталатын деп жазды [9,292].

Қазақ халқының этногенезінде маңызы кем емес тағы бір тайпа - қыпшақтардың да арғы тарихы Әбілғазы жазбаларында көрініс тапқан. Шығармада Қыпшақ атауы тұлғаландырылып, аңыз күйінде беріледі. Жорық кезінде Оғыздың бектерінің бірінің әйелінің ай-күні жетіп, толғағы ұстайды. Босанар ыңғайлы жер болмай, шіріген бір үлкен ағаштың қуысында босанады. Бұл баланың әкесі жорықта қайтыс болғандықтан, баланың есімін Оғыз өзі қояды. Әбілғазы Түркі тілінде іші қуыс ағашты қыпшақ деп атайды, бұл бала ағаш ішінде туғандықтан, атын Қыпшақ қоюы содан еді деп жазады. Бұл аңыз Рашид-ад-диннің жазбаларында да кездеседі [10,18-19]. Ал, Оғыз туралы деректердің көнесі саналатын «Оғыз-наме» дастанында Еділ өзенінен әскерін ағаштан сал жасап, аман-есен өткізіп бергені үшін Ұлық Орда бек атты кісіге Қыпшақ деген лақап ат қойылғандығы жазылған [11,312]. Бір қызығы, бұл жерде де Қыпшақ есімі ағашқа қатысты аңызбен байланысты болып отыр. Бұл этимологиялық түсіндірме де жоғарыда аталған қаңлы тайпасының шығуы секілді, ғалымдар тарапынан қабылдануы қиын дерек. Күллі бір тайпаның шығуын қуыс ағашпен байланыстыру қисынға келмейді деп есептейтіндер де кездеседі. Дегенмен, ес білмес ежелгі заман туралы айтылғанда, аңыз дерегіне мұқият мән беріп, салыстыра зерттеу маңызды мәселе.

Шығарма дерегіне сәйкес, Оғыз хан Қыпшақты өз қарауына алып, жанында өсіріп, тәрбиелейді. Жігіт болған шағында орыс, олақ, мажар және башқұрттардың бүлігін басу үшін

қасына көптеп нөкер қосып, Еділ мен Жайық бойына жіберген. Әбілғазы Қыпшақ осы өңірде үш жыз жыл бойы билік етіп, ұрпағы өсіп-өнді, барлық қыпшақтар - соның ұрпағы дейді. Қыпшақтар Еділ мен Жайық бойы мен осы өңірге қарасты жерлерді ұзақ уақыт мекендеп, өсіп-өнді, бұл өлкеде қыпшақтардан өзге ел болмағандықтан «Қыпшақтар даласы» деп аталып кетеді [3,44].

Әбілғазы қыпшақтардың оғыздармен ерте заманнан тығыз байланыста өмір сүргенін хабарлайды. Бұлар бір-бірімен етене араласып, бір бірінің этногенезінде маңызды рөл атқарған. «Худуд әл-алам» дерегі бойынша, Каспийдің солтүстік-шығыс беткейін мекен еткен оғыздар осы маңдағы қыпшақ тайпаларымен тығыз байланыста болған. Қыпшақтар қатысқан аңыз деректері қыпшақ тарихын зерттеуші С.М.Ахынжановтың пікірінше, I мыңжылдықтың соңында олардың оғыз тайпаларының құрамына кірген. Белгілі түркітанушы Ресей ғалымы С.Г.Кляшторныйдың пікірінше, қыпшақтар 1055 жылы оғыздарды ығыстырып, Киев Русінің оңтүстік шекараларына орныққан және олардың құрамына түркі әулетінен шыққан Ашина (Асень) тайпасымен бірге қаилар (каспичи) және йемектерде (емякове) кірген. Құн-командар қыпшақтардың батысында, ал шығыс бөлігінде Екінші Бұлғар хандығының негізін салушы 111 дунайлық қыпшақ әулеті орналасқан. Арал маңындағы Дешті Қыпшақ тайпаларының құрамы XII ғасырларда қаңлылармен толыққан, яғни олар қыпшақ бірлестігіне кірген, бірақ толықтай сіңіп кетпеген [19, 25]

Нәтижелер мен талқылау

Осындай күрделі этникалық қалыптасу үрдерісін басынан өткерген қыпшақтар XI ғасырдан бастап, кезінде кимектер қоныстан шығыстағы Алтай мен Ертістен, батысында Еділ мен Оңтүстік Оралға дейінгі, солтүстігінде Құлынды даласынан, оңтүстігінде Балхаш көлі мен Жоңғар Алатауына дейінгі аймақта билік жасады және қыпшақтардың этникалық құрамы жаңа этникалық компоненттермен толықты. Орталық Азиядағы моңғол кезеңіне дейінгі этносаяси процестердің ерекшеліктері түркі тілдерінің басымдығы жағдайында өтті және олардың нәтижелері халықтардың экономикалық әлеуетін, мәдени ареалын, осы процестерге белсенді қатысқан әлеуметтік-саяси қоғамдастықты құруға әкелді. Әбілғазы моңғол шапқыншылығынан кейін Қыпшақ даласындағы жағдай өзгергенін жазады. Ата қонысы болған Қыпшақ жері моңғол иелігіне өтті. Жошы хан көп әскерімен Дешті Қыпшаққа шабуыл жасайды. Қыпшақ елі қол біріктіріп, қарсы тұрады. Соғыс алғашқылардың жеңісімен аяқталды. Әбілғазы Жошы ханның бұл соққысынан кейін қыпшақтардың бас сауғалап, жан-жаққа тарағанын жазды. Қыпшақтардың көп бөлігі Черкестер мен Тұмандардың ордасына кеткен. Аман қалғандары иштяктарға кеткен, иштяктардың үлкен бөлігі сол қыпшақтардың ұрпағы дейді [3,44]. Ескерте кететін жайт, Әбілғазының бұл жердегі «иштяктар» дегені башқұрттардың экзоэтнонимі болып табылады. Жоғарыдағы мәселе жөнінде башқұрттар өз шежірелерінде былай көрсетеді: «Шыңғыс хан өзінің шапқыншылығы кезінде қыпшақ тайпаларын өлтіріп және тонаумен олардың көзін жойды. Тірі қалғандары әр тарапқа кетті. Кейбіреулері өз өмірлерін сақтап қалуы үшін татар ханына жауынгер ретінде қосылды» [20,312].

Қорытынды

Шежіре дерегі, өздері иелік еткен жерлерінен айырылған қыпшақ тайпаларының әр тарапқа кеткенін растағанымен, нақтыланбайды. Сондай-ақ, қыпшақ тайпаларының кейбір бөлігінің моңғол жұртында қалғаны туралы дерек беріп отыр. Бұл жөнінде Әбілғазы: «Жошы хан барлық қыпшақ жастарын тұтқынға алып, өзі қыпшақтардың жеріне қоныстанды. Моңғол елінен өзінің отбасы мен әкесі бөліп берген халықты осында қоныстандырды», - дейді [3,44]. Яғни, Жошы ханның қыпшақ жастарын өзінің әскер қатарын көбейту мақсатымен тұтқындаған.

Жошы ұлысындағы тайпалар мен халықтардың өзара қарым-қатынастары көп қырлы әрі бір-бірімен байланыста өмір сүрді. Бір-бірімен ғасырлар бойы аралас өмір сүріп, бір-біріне

мәдени, саяси тұрғыда ықпал етіп, халықтардың мәдениеті мен менталитетінің дамуында өзара әсерлері болды. Бәрінен бұрын бүгінгі қазақты құраған рулар мен тайпалардың ежелгі және орта ғасырлардағы тарихи тамырларын түгелдей зерттеулер құрауы керек. Бұл дегеніміз шын мәнінде бүкіл қазақ халқының біртұтас этно-саяси тарихын қалпына келтіру болып шығады [7,230]. Жошы ұлысының тарихы туралы Әбілғазы сынды ортағасырлық мұсылман авторларының деректерін жан-жақты талдау аталған тақырып аясында әлі де зерттеудің қажет екенін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы. Жалын, 1994. 400 б.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. Т.2 Алматы: Атамұра, 2010. 541 б.
3. Кононов А.Н. Родословная туркмен: сочинение Абу-л-Гази хана хивинского. Москва-Ленниград. Издательство АН СССР, 1958. 285 с.
4. Фазлаллах Рашид ад-Дин. Огуз-наме / пер. с персид. Баку: Элм, 1987. 128 с.
5. «Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме» / ред. Ә.Дербісалин, М.Жармұхамедов, Ө.Күмісбаев. Алматы. Ғылым, 1986. 208 б.
6. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат ит-түрік): 3 т. / қазақ тіліне ауд. А.Егеубай. Алматы. Сөздік-Словарь, 2006. 376 б.
7. Райс Т. Сельджуки. Кочевники - завоеватели Малой Азии. Москва. Центрполиграф, 2004. 238 с.
8. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк») Алматы. Ана тілі, 1993. 192 б.
9. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. Алматы. «Алатау» баспасы, 2007. Т.1. 608 б.
10. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Астана. «Фолиант», 2011. Т.80: Топонимдік аңыздар. 416 б.
11. «Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме» / ред. Ә. Дербісалин, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев. Алматы. Ғылым, 1986. 208 б.
12. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Астана: «Фолиант», 2012. Т.82: Шежірелік жыр-аңыздар. 432 б.
13. Бартелеми Э.М. Центральная Азия глазами одного французского эрудита XVII-го века/ пер. с фр. Ташкент, 2003. 111 с.
14. Абдрахман Х. Түркілер: тарихы мен тағдыры. Алматы. Дәнекер, 2002. 160 б.
15. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк») Алматы. Ана тілі, 1993. 192 б.
16. Салғараұлы Қ. Ежелгі түріктер. Астана. Фолиант, 2012. 376 б.
17. Кумеков Б.Е. Страна кимаков по карте ал-Идриси. / Страны и народы Востока. Москва, 1971. С.194-198
18. Кумеков Б.Е. Кипчаковедение - концептуальное научное направление Евразийского масштаба // Түркі жазбалары мен мәдениеті күндері аясында Кимек мемлекетінің 1100 жылдығына арналған «Еуразия қыпшақтары: тарих, тіл және жазба ескерткіштері»: халық. ғыл. конф. жинағы. Астана, 2013. Б. 12-21.
19. Фальк И.П. Полное собрание ученых путешествий по России, издаваемое Императорской академией наук по предложению ее президента: с примечаниями, изъяснениями и дополнениями. СПб.: Императорская академия наук, 1824. Т.6.546 с.
20. Гумилев Л.Н. Открытие Хазарии. Москва. Айрис-пресс, 2004. 416 с.
21. Кузеев Р.Г. Башкирские шежере. Уфа. Башкирское книжное издательство, 1960. 305 с.
22. Дәулетхан Ә. Ежелгі және орта ғасырлардағы түркілер: тарихи зерттеулер. Астана, «Ғылым» баспасы, 2015. 448 б.

Referens liste:

1. Minzhan N. Kazaktın kyskasha tarihi. Almatı. Zhalın, 1994. 400 b.
2. Kazakstan tarihi (kone zamannan buginge deyin): bes tomdıq. T.2 Almatı. Atamura, 2010. 541 b.
3. Kononov A.N. Genealogicheskiye turkmeny: sostav Abu-l-Gazi-khana Khivinskogo. Moskva-Lennigrad. Izdatel'stvo AN SSSR, 1958. 285 s.
4. Fazlallakh Rashid ad-Din. Oguz-name / per. Persidskiy Baku: El'm, 1987. 128 s.
4. Fazlallah Rashid ad-Din. Oguz-name / per. s persid. Baku: Élm, 1987. 128 s.
5. «Ogız-name», «Muhabbat-name» / red. A.Derbisalin, M.Zharmuhamedov, O.Kumisbaev. Almatı. Gılım, 1986. 208 b.
6. Kashqari M. Turik tilinin sozdigi (Diواني luğat it-turik): 3 t. / kazak tiline aud. A.Egeubay. Almatı. Sozdik-Slovar, 2006. 376 b.
7. Rays T. Sel'dzhuki. Kochevniki - zavoyevateli Maloy Azii. Moskva. Tsentrpoligraf, 2004. 238 s.
8. Qashqari M. Tubi bir turki tili («Diواني lugat it-turk») Almatı. Ana tili, 1993. 192 b.
9. Margulan A.X. Shıgarmaları. Almatı. «Alatau» baspası, 2007. T.1. 608 b.
10. Babalar sozi. Zhuz tomdıq. Astana. «Foliant», 2011. T.80. Toponimdik anızdar. 416 b.
11. «Ogız-name», «Muxabbat-name» / red. A. Derbisalin, M. Zharmuhamedov, O.Kumisbaev. Almatı. Gılım, 1986. 208 b.
12. Babalar sozi. Zhz tomdıq. Astana. «Foliant», 2012. T.82: Shezhirelik zhir-anızdar. 432 b.
13. Bartelemy E.M. Tsentral'naya Aziya glazami odnogo frantsuzskogo erudita XVII-go veka / per. s fr. Tashkent, 2003. 111 s.
14. Abdrahman X. Turkiler: tarihi men tagdırı. Almatı. Daneker, 2002. 160 b.
15. Kashqari M. Tubi bir turki tili («Diواني luğat at-turk») Almatı. Ana tili, 1993. 192 b.
16. Salgaraulı K. Ezhelgi turikter. Astana. Foliant, 2012. 376 b.
17. Kumekov B.Ye. Strana kimakov po karte al-Idrisi. / Strany i narody Vostoka. Moskva, 1971. S.194-198
18. Kumekov B.E. Kipchakovedenie - konceptualnoe nauchnoe napravlenie Evraziyskogo masshtaba // Turki zhazbaları men madenieti kunderi ayasında Kimek memleketinin 1100 zhıldığına arналған «Euraziya qıpshaqtarı: tarih, til zhane zhazba eskertkishteri»: halıq. gıl. konf. zhinagı. Astana, 2013. B. 12-21.
19. Fal'k I.P. Polnoye sobraniye uchenykh puteshestviy po Rossii, izdavayemoye Imperatorskoy akademiyey nauk po predlozheniyu yeye prezidenta: s primechaniyami, iz"yasneniyami i dopolneniyami. SPb.: Imperatorskaya akademiya nauk, 1824. T.6.546 s.
20. Gumilev L.N. Otkrytiye Khazarii. Moskva. Ayris-press, 2004. 416 s.
21. Kuzeyev R.G. Bashkirskiy shezhere. Ufa. Bashkirskoye knizhnoye izdatel'stvo, 1960. 305 s.
22. Daulethan A. Ezhelgi zhane orta ğasırlardağı türkiler: tarihi zertteuler. Astana, «Gılım» baspası, 2015. 448 b.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы): **Ташқараева Әсел Мұхтарқызы** - М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы, доктор PhD. Тел.: 77051211308 е-пошта: assel_muxtarovna@mail.ru